

Бекітемін:
Нұра ЖББМ директоры
С.К.Бердешова



«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары» мен «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы» негізінде 2023-2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы Нұра жалпы білім беретін мектебі

Топ «Айгөлек» шағын орталығы

Балалардың жасы: 3 жас.

Жоспардың күршілік кезеңі: Қараша айы, 2023-2024 оқу жылы.

	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қараша	Дене шынықтыру	<p>Негізгі қимылдар. Жүгіру. Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, сапта бір-бірден, алаңың бір жағынан екінші жағына, әр түрлі бағытта: тұра, шеңбер бойымен, «жыланша», шашырап жүгіру; белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы: тоқтап жүгіру, белгі бойынша көрсетілген жерге жүгіру; қарқынды өзгертіп, жылдам (10-20 метрге дейін), тоқтамай баяу қарқынмен (50-60 секунд ішінде) жүгіру.</p> <p>Жалпы дамытушы жаттығулар. Қолдарын алдына немесе басынан жоғары, артына апарып шапалақтау;</p> <p>Кеудеге арналған жаттығулар: Солға, оңға бұрылу (отырган қалыпта);</p> <p>Аяққа арналған жаттығулар: Қолдарды алға созып, жартылай отыру, тізені қолмен ұстап, басты төмен иіп, кезекпен тізені бүгіп, аяқты көтеру;</p> <p>Спорттық жаттығулар. Велосипед тебу. Үш дәңгелекті велосипедті тұра, шеңбер бойымен, оңға және солға бұрылып тебу.</p> <p>Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары. Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылышын қолдау: белгілі реттілікпен кийнуге және шешінуге, тісті тазалауға, үқыптылыққа, киіміндегі</p>

	<p>олқылықтарды байқауга, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше зерттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу. Салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру. Денсаулықтың құндыштық туралы түсінікті дамыту; ауырмауга, денсаулықты сақтауға ынталандыру, «салауатты өмір салты» және оны ұстану туралы алғашқы түсініктер беру. Сауықтыру-шынықтыру шаралары. Серуенде қимылды ойындар мен дene жаттығуларына қатысуға қызығушылықты арттыру.</p>
Сөйлеуді дамыту	<p>Сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту: баяу сөйлеу, жаңылтпаштар айту. Суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде, шығармаларды тындағаннан, мультифильмдер, ертегілер көргеннен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету.</p>
Көркем әдебиет.	<p>Оқылған шығармадан ең қызықты, мәнерлі үзінділерді қайталау, балаларға сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтуға мүмкіндік беру.</p>
Қазақ тілі.	<p>Қазақ тіліндегі берілген сөздерді ынта қойып тындауға және ол сөздерді бірнеше рет айту арқылы есте сақтауға және дұрыс айтуға үйрету.</p>
Математика негіздері.	<p>Балаларды геометриялық фигуналармен: үшбұрыш, шаршы, дөңгелекпен тәнисстыру, ұстасу және көру тәсілдері арқылы аталған фигуналарды зерттеуге мүмкіндік беру.</p>
Құрастыру.	<p>Құрастырылатын құрылышты қарапайым сызбаларға, суреттегі үлгісіне қарап зерттеуге және кірпіштерді, тақтайшаларды тігінен қатарға орналастырып, бір-бірімен мықтап бекіту тәсілдерін қолданып, өз бетінше құрастыруға мүмкіндік беру, өзінің түрғызған құрылышын талдауға баулу.</p>
Сурет салу.	<p>Бір заттың немесе түрлі заттардың суретін салуды қайталай отырып, қарапайым</p>

		сюжеттік композициялар жасауға үйрету, тұтас қағаз парагына бейнені орналастыру, қызыл, сары, жасыл, көк, қара, ақ негізгі түстер мен олардың реңктерін (қызылт, көгілдір, сұр) колдану.
	Мұсіндеу.	Бірнеше бөліктерді қосу, қысу, біріктіру арқылы өсімдіктерді және жануарларды мұсіндеу дағдыларын қалыптастыру.
	Жапсыру.	Балаларды ересектер дайындаған ірі және ұсақ элементтерді қағаз бетіне орналастыру және жапсыру арқылы үжымдық композиция құрастыруға баулу.
	Музыка	Музыкалық ойыншықтар мен балалар музыка аспаптарының (музыкалық балға, сылдырмақ, барабан, металлофон, маракас, асатаяқ, түяқ, сырнай) дыбысталуын ажыратада білуді жетілдіру.
	Қоршаған ортамен таныстыру.	Заттардың айырмашылықтары мен атауларын, олардың көлемін, түсін, пішінін қарастыру мен зерттеу дағдыларын қалыптастыру, заттардың сапалары мен қасиеттерін: сипап сезу, дәмін көру, есту арқылы тануды қалыптастыру.